

**2005 жылғы 15-17 қыркүйекте Астана қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
Өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің төртінші отырысын
өткізуге қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 248-ө
Өкімі

2005 жылғы 15 - 17 қыркүйекте Астана қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығы Өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің төртінші
отырысын (бұдан әрі - ӨҚМК отырысы) дайындау және өткізу жөніндегі іс-шараларды
қ а м т а м а с ы з е т у ма қ с а т ы н д а :

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігіне ӨҚМК отырысына қатысушылардың қонақ үйде
тұруына 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар"
бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1499000 (бір миллион төрт жүз
тоқсан тоғыз мың) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр